

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіТарих факультеті
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

«АҚПАРАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ СЕРВИС» ПӘНІ БОЙЫНША

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

7М03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы

5 кредит

Алматы, 2024

Емтихан бағдарламасын «7М03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

Бағдарлама дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде бекітілді.
Хаттама №__«_»_2024 ж.
Кафедра меңгерушісі_____Р.С. Мырзабекова

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды
«__»_____2024 ж., хаттама №__

Ғалым хатшы_____Н.А. Тасилова

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылау жүргізу нысаны – Ауызша Ауызша

емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптар Сұрақтар Univer

жүйесіне енгізіледі Емтихан форматы-офлайн.

Курс: Магистратура – 1 курс

Бейнежазбаның болуы – бар

Магистратура білім алушылары үшін (пәнді жүргізетін оқытушы қабылдайды).

Емтихан өткізуді бақылау:

- емтиханның бейнежазбасы жүргізеді, Ұзақтығы:

Дайындық уақыты- 7-10 минут

Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Өткізу регламенті

1. Емтихан магистрантар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс кесте бойынша өткізіледі.

Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

2. Емтихан кестесі белгілі болған кезде, Univer жүйесіне "пән бойынша қорытынды емтихан" ... құжатын PDF форматында орналастырылады. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады.

Тек қорытынды емтихан бағдарламасы жазылады.

*Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБА

«Ақпараттық деректер және сервис» пәні 7M0320 Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы бойынша маманданатын магистранттарға арналған.

“Кітапхана ісіндегі ақпараттық деректер мен сервис” пәні кітапхананың ақпараттық ресурстарын басқару мен пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсетуді үйренуге бағытталған. Бұл пәннің аясында студенттер кітапханалық қорларды цифрландыру, деректерді басқару, ақпараттық қызмет көрсету, кітапхана сервистерін жаңғырту сияқты тақырыптарды қарастырады.

Пәнді меңгеру нәтижесінде магистрант қабілетті болады:

Ақпараттық деректерді басқару: Ақпараттық жүйелердің және дерекқорлардың кітапханалардағы рөлі, оларды тиімді пайдалану жолдарын.

Кітапхана сервистері: Пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсетудің әдістері, олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Цифрлық технологиялар: Қорларды цифрландыру, электрондық каталогтар құру, деректердің қолжетімділігін арттыру әдістерін.

Қолданушы тәжірибесі: Қолданушылармен жұмыс істеудің әдістері, олардың ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес келетін қызмет түрлерін ұсыну.

Зерттеу жұмыстары: Кітапханалардағы ақпараттық қызмет көрсетуге қатысты зерттеу жүргізу және нәтижелерді бағалау.

Бұл пән студенттерге ақпараттық қызметті жетілдіру және кітапханалық деректерді басқару бойынша терең білім алуға көмектеседі.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кітапхана ісіндегі ақпараттық деректер мен сервис” пәні кітапхананың ақпараттық ресурстарын басқару мен пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсетуді үйренуге бағытталған. Бұл пәннің аясында магистранттар кітапханалық қорларды цифрландыру, деректерді басқару, ақпараттық қызмет көрсету, кітапхана сервистерін жаңғырту сияқты тақырыптарды қарастырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ақпараттық деректер туралы жалпы түсінік. Кітапхана ісінде олардың маңыздылығын зерттеу. Кітапхана жүйелерінде ақпараттық деректерді басқарудың негізгі әдістері үйрену.

Кітапханалық қызмет көрсету процесінде пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қалай анықтауға тәсілдері. Деректер базасы мен электрондық каталогтардың кітапхана ісіндегі рөлі қандай. Қорларды цифрландырудың артықшылықтары мен кемшіліктерін зертеу. Кітапхана сервистерінің түрлері мен олардың қолданушылық тәжірибеге әсерін анықтау. Кітапханалық деректердің сақталуын қамтамасыз етудің қандай заманауи тәсілдер. Ақпараттық қызметтерді жаңғырту үшін қолданылатын технологиялар мен әдістерді үйрену. Кітапханадағы ақпараттық деректерді қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары зерттеу.

Кітапхана ісінде қолданушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қандай сервис түрлері сараптау. Ақпараттық деректерді басқару тұрғысынан кітапхана ісінің болашағын талдау. Кітапханалық қызмет көрсету сапасын бағалау үшін қолданылатын әдістерді үйрену.

Кітапхана ісіндегі ақпараттық деректердің дәлдігі мен сенімділігі. Электронды ресурстарды пайдаланудың этикалық аспектілері. Кітапханадағы ақпараттық қызмет көрсету бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстарының маңызын зерттеу.

Кітапханаларда ақпараттық ресурстарды пайдалану мен қалыптастырудың ерекшеліктері. Кітапханалық классификациялаудың әдістемелері. Электронды ресурстар. Электронды кітапханалар. Электронды каталогты ұйымдастыру.

Электронды каталогтарды алыстан пайдалануға беру. Толық жазба құжаттармен желі арқылы пайдалануға мүмкіндік. Виртуалды көрмелерді құрастыру, әр түрлі фактографиялық және фактологиялық анықтамалықтар т.б.

Қазіргі ортада ақпараттық қажеттіліктің өзгеруі және нарықтық қарым- қатынаста дамуы. Ақпараттық қажеттіліктің өзгеруі және әр түрлі даму көзқарасы. Ақпарат тұтынушы әр түрлі топтардың ақпараттық қажеттіліктің динамикасының дамуы.

Электронды кітапханалардың ақпараттық ресурстары және кітапханалық классификациялау. ҚР кітапханалардың мәлімет базалары. Кітапханадағы ресурстарды қалыптастыру және пайдалану. Қазақстан Республикасы кітапханалардың ресурстары.

Ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандырудың заманауи әдістері. Электронды каталогпен жұмыс. Интернет ресурстарды кітапханалық тәжірибеде қолдану. Электронды кітапханалардың ақпараттық ресурстары Мәлімет базаның құрылымы. РАБИС, КАБИС, ИРБИС бағдарламасының модульдерімен жұмыс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының ақпаратты пайдаланушыларға көп салалы және республикаға қатысты комплекстік мәселелері бойынша ақпаратпен қатамасыз етілуі. Жаңа ақпараттық технологияны қолдана отырып оқырмандардың жалпы білім жөніндегі сауалдарды орындау мәселелері жайында библиографиялық жұмыс жүргізу.

Ақпараттық ресурстарды насихаттау әдісі мен құрылымы. Ақпараттық органдар мен кітапхана байлығын жергілікті орындарда насихаттау міндеті. Кітапханада және ақпарат органдарында ақпараттық ресурстар сақталу мәселелері. Ақпараттық ресурстарды сақтауда жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. Құжаттардың санақталуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

Ахметова Г.Ж. «Кітапхана ісі және библиография» – Алматы: Раритет, 2019. Бұл кітапта кітапхана ісінің негіздері, ақпараттық қызмет көрсету әдістері және қазіргі заманғы кітапханалық технологиялар талқыланады.

2. Қожабаева Б.К., Байбатшаева А.С. «Кітапханалардағы ақпараттық технологиялар» – Алматы: Қазақ университеті, 2021. Кітапта ақпараттық технологиялардың кітапхана ісіндегі рөлі мен олардың қызмет көрсету процесіне әсері қарастырылады.

3. Сәрсенбаев А.Т. «Кітапхана қорын цифрландырудың негізгі аспектілері» – Астана: Фолиант, 2018. Бұл еңбекте қорларды цифрландыру және олардың деректер базасында сақтау тәсілдері сипатталған.

4. Шамшатов Р.Ж. «Ақпараттық деректерді басқару және ақпараттық қызмет» – Алматы: Қазақ кітап, 2020. Бұл кітапта деректерді басқару әдістері, ақпараттық қызмет көрсету тәсілдері талқыланады.

5. Rowley, J., Hartley, R. «Organizing Knowledge: An Introduction to Managing Access to Information» – London: Ashgate, 2008. Кітап білімді ұйымдастыру мен басқарудың теориялық аспектілеріне арналған және кітапхана ісіндегі ақпараттық деректерді басқаруды зерттейді.

6. Bawden, D., Robinson, L. «Introduction to Information Science» – London: Facet Publishing, 2012. Ақпараттық ғылымның негізгі түсініктерін, деректерді басқару және ақпараттық қызмет көрсетудің теориялық негіздерін қамтиды.

7. Тұрсынова А.М. «Кітапханадағы ақпараттық ресурстарды ұйымдастыру» – Алматы: Кітап әлемі, 2017. Ақпараттық ресурстарды жинақтау, сақтау және тиімді пайдалану әдістері қарастырылады.

8. Караева С.А. «Цифрлық кітапхана: теориясы және тәжірибесі» – Нұр-Сұлтан: Bilim press, 2019. Цифрлық кітапханаларды ұйымдастыру және басқарудың негізгі принциптері көрсетілген.

Қосымша:

. Горман М., Дорофеева Н.А. «Основы библиотечно-информационной деятельности» – Москва: Либерей-Библинформ, 2007. Бұл еңбекте кітапхана ісінің теориясы мен ақпараттық қызметті ұйымдастыру тәсілдері талқыланады.

2. Соколов А.В. «Библиотековедение: Учебник» – Москва: Либерей, 2006. Бұл оқулықта кітапхана ісінің негізгі аспектілері, соның ішінде ақпараттық қызмет көрсету және деректерді басқару қарастырылады.

3. Румянцева Л.И. «Информационные ресурсы: создание и использование» – Москва: Кнорус, 2015. Кітапта ақпараттық ресурстарды жасау және оларды пайдалануды ұйымдастыру жолдары баяндалады.

4. Шрайберг Я.Л. «Цифровая библиотека: теория и практика» – Москва: Научный мир, 2010. Шрайбергің еңбектері цифрлық кітапханаларға арналған және электрондық ресурстарды басқару әдістеріне бағытталған.

5. Земсков А.А. «Управление библиотечными ресурсами» – Санкт-Петербург: Профессия, 2008. Бұл еңбекте кітапханалық қорларды басқару және ақпараттық қызметті ұйымдастырудың қазіргі тәсілдері қарастырылған.

6. Гендина Н.И. «Информационные ресурсы и системы» – Москва: Лань, 2013. Ақпараттық ресурстар мен жүйелерді ұйымдастыру, оларды сақтап және пайдаланушыларға жеткізу әдістері сипатталған.

7. Матвеева Л.Г. «Информационное обеспечение и услуги в библиотеках» – Москва: Книга, 2016. Бұл кітапта кітапханалардағы ақпараттық қызмет көрсетудің ерекшеліктері мен оларды басқарудың әдістері талданған.

**«Ақпараттық ресурстарға кітапханалық класификациялаудың методологиясы» пәні бойынша
қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы
АУЫЗША ОФЛАЙН/ ОНЛАЙН**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттана рлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	90-100 % (27-30 балл)
1-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну 30 балл	Сұрақтарға қажет жерде мысалдар келтіре отырып толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктер жіберілген. Курстың барлық бірдей терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер және презентацияда грамматикалық / стилистикалық қателіктері бар. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеген.	Сұрақтарға жауаптар үзік-үзік түрде, дұрыс тұжырымдар мен қате тұжырымдар аралас. Тақырыпты толық ашу үшін курстың қажетті мазмұндық блоктары қамтылмайды. Магистрант жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі.	Сұрақтарға жауаптар жоқ; студент оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмейді немесе түсінбейді. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған жағдайда.
2-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну таңдалған әдістеме мен технологиян ы нақты қолданбалы тапсырмала рға қолдану 30 балл	Курстың технологиясы мен методологиясы білім алушыларды даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға еркін қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады;	Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз интеграцияланған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптары әлсіз құрылымдалған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады;	Курстың құралдары үстірт қолданылады, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Пәннің маңызды бөлігін дұрыс қолданбайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктер жібереді, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

3-сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу 40 балл	Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетеді.	Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау.	Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасын а сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы.	Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі.	Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
---	---	---	---	---	---